

2010 жылда ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2010 жылғы 21 сәуірдегі № 201 шешімі. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 мамырда № 9-8-156 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 8 шілдесіндегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылды аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, 2009 жылдың 18 ақпанындағы № 183 Қазақстан Республикасының Үкіметінің "Ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы мөлшерін және ережелерін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, 2010 жылдың 20 сәуіріндегі № 519 Денисов ауданы әкімінің хатын қарастырып мәслихат **ШЕШТІ:**

1. 2010 жылда ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы беру түрінде және мамандардың қажеттілігінің есебімен тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау ретінде шараларын ұхыну.

2. Осы шешімді орындауының бақылауын әлеуметтік қорғау, әлеуметтік сфераның дамуы, заңдылық пен құқықтық мәселелері жөніндегі аудандық мәслихатының тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Аудандық мәслихатының
кезекті он төртінші
сессиясының төрайымы *Т. Чижевская*

Денисов аудандық
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушысы *В. Ткач*

КЕЛІСІЛДІ:

"Денисов ауданының экономика
және бюджетті жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Подело

"Денисов ауданы әкімдігінің ауыл
шаруашылығы және ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушысы

_____ А. Миловидов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ